

Р. Ә. МҰСАХАНОВА

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АҒАРТУШЫЛАРЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ КӨРІНІСІ БЕЙСЕМБАЙ КЕНЖЕБАЕВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕ

XX ғасыр басындағы ақын-жазушылардың шығармашылығын зерттеу ісімен айналысқан және сол дәуірдің өкілі, аса талантты ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармашылық лабораториясын саралаған ғалым Бейсембай Кенжебаевтың зерттеулеріндегі ақынның философиялық, саяси-әлеуметтік көзқарастары қарастырылған.

Бүгінгі таңда ғылымның барлық саласында, сондай-ақ әдебиеттану ғылымында да түбірлі өзгерістер, жаңарулар болып жатқан кезде, қазақ әдебиетінің тарихына да үніліп, қолда бар дүние-лерімізге ұлттық, халықтық сана тұрғысынан көз салудамыз. Жалған идея, қитұрқы идеология тұр-ғысынан жат, қажетсіз саналған дүниелерімізге жаңаша, шынайы көзқараспен қарап, аршып алып, өзіндік орнына қоюдамыз. Бұл бүкіл әде-биетімізге тән құбылыс. Оның ішінде XX ғасыр басындағы әдебиетімізге келсек, аса жіті сараптауды қажет ететіндігі анық. XX ғасыр басы қазақ әдебиеті тарихында ғана емес, бүкіл қазақ тарихындағы елеулі кезең, даму мен өсудің жаңа формациясы болғандығы белгілі. Әсіресе қазақ халқының ойы озық, көкірегі ояу, зиялы азаматтарының ел тағдырына, өткені мен болашағына ой тербеген кезеңі болды. Сол атпал азаматтар өз кезеңінің соқпағы мен түрлі саяси мүдделеріне тәуелді бола отырып та, сол дәуірде, сол өз қоға-мының аясында-ақ, қазақ халқының қоғамдық-әлеуметтік, мәдени, рухани дамуында болып өткен өзгерістер мен адамгершілік, демократтық, ағартушылық идеялардың жаршысы бола білді. Десек те, осы кезеңнің руханиятын бағалауда көптеген қателіктерге ұрынғанымыз өкінішті. Руханиятымызды эстетикалық категориялардың талап-тұрғысынан екшемей, саяси көзқарастың көзімен қарап, рухани мұраларымыздан амалсыз ажырап қалған, теріс түсінген, бұра түсіндірілген, қате сарапталған тұстарының орнын толтыру бү-гінгі күннің еншісіндегі міндетке айналып отырғандығы да шындық. Қазіргі кезде Тәуелсіздіктің арқасында қол жеткен жетістіктеріміздің бірі – әдеби процеске тарихи көзқараспен көз салып, қайта саралау әрекеті басталып кетті. Қазіргі кезде Мемлекет Басшысы Н. Ә. Назарбаевтың тапсыруымен елімізде жүргізіліп отырған «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасының аясында жүзеге асырылып жатқан шаралар соның айғағы.

Қазақ әдебиеті тарихындағы тұтасымен «Кеңес кезеңі әдебиеті» деп дәуірленген кезең әдебиетінен бастап, сол кезеңде жасалған, бірақ соның ұстанған мұратынан тыс қалып, мансұқталған ақын-жазушыларымыз бен олардың жекелеген теріс деп танылған шығармаларын қайта қарау қолға алына бастады. Егер бұл ғылыми процесс толық жүзеге асса, осы кезең әдебиетінің бүтінделген тарихи-мәдени нұсқасы туындары анық. Осы құбылыстың толық ашылуы үшін де жан-жақты зерттеулер қажет. Әдебиеттің зерттеп-зерделенуінің қай кезеңінде болмасын сыңаржақ пікірге ұрынушылықтар кездесіп жатады. Әрбір кезеңнің өкілі әдеби-мәдени мұраны зерттеу процесі барысында мәселені өз заманының сұранысы, талап-тілегі негізінде ғана қарастырып отыруы, әдебиеттің кез келген ортаға, қоғамға, даму процесіне ортақ құндылықтарының негізінде қарастыруды басты принцип етпеуінің салдарынан кейбір кемшіліктер туындап жатады. Концептуалды зерттеулерге жол ашып, адамзатқа, әлемдік руханиятқа ортақ ой-пікірлер тудыру қажеттілігі күн санап айқындалып келеді. Әдебиетіміздегі кез келген құбылыстың өзіндік философиясын зерттеу, өзіндік даму тарихы барын ескеру қажеттілігі де арту үстінде. Замандар ағы-мымен дұрыс-бұрыс деп бағаланған қайсы бір шығарманың, шығармашылық иесінің, жалпы әдеби процесінің орнын тиісінше бағалау, осындай мақсатта айтылған ой-пікірлерді елеп-екшеу аса зәру мәселе. Осындай өткір тақырыптарға, ортақ мәселелерге апарар өзекті жол шығармашылық иелеріне арналған жеке-жеке ғылыми арналар. Бұл арналардың кейбірі өз бастауын кеңестік дәуірдегі әдебиеттің даму жолынан алған күрделі ғылыми арналар. Олар бүгінгі қазақ әдебиетінің де басты нысанасына айналып отыр.

Ұлы Абай мұрасынан бастап, Абайдан кейінгі ақындар – Шәкәрім, Сұлтанмахмұт, Мағжан, Міржақып, Бернияз, Сәкен сынды ақындарымыз-

дың шығармашылығы мен өмірі зерделі зерттеулерге өзек болды.

Жеке бір ақын, жазушыны тану ісі – біздің әдебиеттануда өзіндік орны бар құбылыс. Жеке-жеке ғылыми арнаның дамуына жол ашатын іс екендігі де күннен-күнге мойындалып келе жатыр. Абайтану, Сәкентану, Бейімбеттану, Мұхтартану, Сәбиттану сияқты Сұлтанмахмұттану ісі де біршама алға жылжыған, өзіндік соқпағы бар, негізі қаланған тақырып.

Сұлтанмахмұт Торайғыров – XX ғасыр басында (1893–1920) өмір сүрген ұлы ақын. Сұлтанмахмұттың өмірі, әдеби мұрасы қазақ әдебиетінде бірсыпыра зерттелген. Бұл зерттеуде XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі философиялық көзқарастар және Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармашылық лабораториясына жүргізілген ғалым Бейсембай Кенжебаевтың ғылыми-зерттеу жұмысы барысында тұжырымдалған ақын дүниетанымындағы философиялық, саяси-элеуметтік көзқарастары қарастырылады.

Өлеңдерінде өмірге деген құлшынысы, азаматтық серпіні айқын, бүкіл шығармашылығының идеялық нысанасы – туған елінің жыртығына жамау болғысы кеп өткен аяулы жастың өзі айт-қанындай, «қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болам» деген пафостық оптимизмге толы, шоқтығы биік шығармашылығын дөп басып танып, өзіндік орнына қондыруға барынша еңбек еткен – филология ғылымдарының докторы, профессор Бейсембай Кенжебаев. Қазақ әдебиет-тану ғылымындағы шоқтығы биік ғалым Бейсембай Кенжебаевтың XX ғасыр басындағы ақын-жазушылардың шығармашылығын зерттеу ісімен айналысқаны мәлім. Ғалым осы кезеңнің әдебиетін жан-жақты зерттеп, келелі пікір, толымды тұжырымын ұлттық әдебиеттану ғылымында барынша нақтылап берген.

Мақала тақырыбына өзек болып отырған XX ғасыр басындағы топ жарып шыққан ақын-жазушылардың ішінде шығармашылығында философиялық көзқарастары көбірек көзге ілігетіндері, ағартушы-демократтық бағытты ұстанғандары – осы ғасыр басындағы дарабоз ақын-жазушылар Мұхамеджан Сералин, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Шәңгерей, Әріп Тәңірбергенев, Шортан-бай, Спандияр Көбеев, Мәшһүр-Жүсіп Көпеев, Бернияз Күлеев, Бекет Өтетілеуов, Әкірам Ғалиев, Сәбит Дөнентаевтар. Бұлардың қай-қайсысының аты аталған жерде, сонымен қатар олардың шығармашылығына,

өмірбаянына қатысты жазылған зерттеушілік мақалалар жарық көрген сайын, осындай философиялық дүниетанымдық бағыттары жайлы зерттеушіліктер де көрініс беріп отырды. «Бұл аталған ағартушы-демократ ақындар қазақ әдебиетіне 1905–1907 жылдардағы буржуазиялық-демократиялық төңкеріс әсерімен, елдегі жалпы демократиялық, төңкерістік қозғалыстардың күшеюі нәтижесінде шықты» [1] дейді өз тұжырымында ғалым Б.Кенжебаев, яғни бұл азаматтар жиырма-сыныншы ғасырдың ояну жылдарында алғы леппен оянып, өз замандастарын ояту ісіне бар күш-жігері мен талантын салған қазақ әдебиетінің күрескер тұлғалары болатын. Оларға мұндай миссия өз замандарының нақтылы факторлары арқылы жүктелген, әрі адамзатта әр нәрсені ерте сезер, тез түйсінер, жаны нәзік ақын-жазушылар өздері сезген, түйсінген нәрсе-сін қашанда халқына жеткізуге асығатын қалпымен осы іске араласқан. XX ғасыр басында қазақ халқы ортасында көбіне-көп пайдаланылған мұсылмандық білім мен орысша оқу-білу үрдісі болғаны белгілі. XX ғасыр басындағы ақын-жазушылардың көбісі осы екі оқудың басын біріктіргендер. Осы қос нәрден тел емгендер ағартушылық-демократтық бағытқа ден қойып, ұлтты алға тарта бастағандар болса, тек мұсылман білі-мін медет еткендер өз айналасына жазу-сызуды үйретіп, ағартушылықпен қана айналысып қойғандар еді. Ағартушы-демократтардың ішінен айрықша нысанға алып зерттегені – Сұлтанмахмұт Торайғыров. Әрі аталғандардың арасынан дарыны ерекше деп танып, С. Торайғыров шығармашылығына басты назарын аударғаны да көптеген зерттеулерінен анық байқалады. Бұл сол кезеңдегі жас зерттеушінің жаңаша көзқараспен қарулана отырып, ұлттық әдебиеттануымыз бен философиямыздың дамуына қосқан алғашқы қадамдары болатын.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармашылығын зерттеу барысында басты назарға іліккен мәселесі – ақынның дүниетанымы мәселесі болып табылды. Бір ғана ғалым Б. Кенжебаевтың ғана емес, ақынды зерттеушілердің, оның шығармашылығын қабылдаушылардың жіті бақылауында болған мәселе әдебиет теориясы мен сынының емес, философиялық тұжырым-байламдардың негізінде сарапталды.

Б. Кенжебаев өз зерттеу нысанына орай «Адасқан өмір» поэмасынан алынған үзіндіден Сұлтанмахмұттың атом жайлы түсінігін кеңірек талдайды. Ерте заман материалистері – атомистері Демокрит,

Эпикур, Гераклиттер сияқты әуел бастан бар зат – атом, бәрінің негізгі сол атом деген түсінікті Сұлтанмахмұт таныған дейді.

Ал енді екінші бір жерінен (тағы да сол «Адақан өмір» поэмасынан) үзінді алып, былайша қорытындылайды:

1) Дүние, табиғат, болмыс адамның ой-санасынан тыс, объективті; ол өз бетінше жасалған, солай мәңгі жасай бермек.

2) Дүниенің, табиғаттың құбылысы: өзгеріп, жанарып, ілгері дамып тұруы – бәрі белгілі бір заңды жүйемен, белгілі бір себеппен болып тұрады; соның бірі мен бірі байланысты, селбесті.

3) Адам дүниенің, табиғаттың сырын, заңын біле алады; дүниеде адам біле алмайтын сыр, заң, себеп жоқ, тек адам әлі біліп жетпеген сырлар, заңдар, себептер ғана бар. Адам оларды бірте-бірте мидың күшін салған сайын біледі, біле бермек.

4) Дүниенің, табиғаттың сырын, заңын адамның білуі дәл, ақиқат. Осы күнгі адам игілігін көріп отырған өнер, ғылым, техника – бәрі сол адамның табиғат заңдарын дәл білуінің, адам білімінің нәтижесі [2].

Алдымен айтылған атом жайлы түсінігі тек қана поэмада «Тозған жердің атомы күлдей ұшып» [3] деген жолдарда атом сөзінің қолданылуымен өлшеніп отырған жоқ. Антика материализмінің аталары Демокрит, Гераклиттердің философиялық ой-тұжырымдарындағы әлемдегі барлық заттар атомдар мен бос кеңістіктен құрылған, ал бос кеңістік атомдар сияқты дүниенің негізі, атомдардың қозғалуының қажетті жағдайы [4] деген түсіндірулерді оқып, танып-білгенінің көрінісі екенін айтқан. Өйткені Сұлтанмахмұттың идеясында да жаным тәнімнен ажырағанда, тәнім не, жаным не болады деген, яғни «атомдар бір-бірімен соқтығысып бірігеді де қайтадан ажырасады, адамның жаны да айрықша атомдардан құралып, өлгеннен кейін қайтадан жеке атомдарға ыдырайды» [5] деп айтылған атомистік ілімнің философиясы жатыр. Бұл түсінікті ғалым Б. Кенжебаев осындай жолдармен түсіндіреді.

Одан соң айтылған тұжырымды қорытындылар да осылайша философиялық категориялар ілімін түсіндірудің, өзінің түйсінуінің нәтижесінде туған қорытындылар.

Бұлай ой айтуға ақынның француз философы Жан-Жак Руссоның шығармаларынан алған ой түйінінің негіздері себепші болған.

«Мәдениетті жер жұтса е демеймін» деп мәдениеттен көңілі қарайғанның бірінің қатарында Жан-Жак Руссоны атаса, оның қай ойын өзек етіп отыр деген ой келеді. Жан-Жак Руссо «Адамдар арасындағы теңсіздіктің шығуы мен негіздері жөніндегі пайымдаулар» деген шығармасымен дара ойшыл атанған философ, сондай-ақ ол өзінің «Қоғамдық шарт» жөніндегі ілімінде әділетті қоғамдық ұйымға көшу жолдарын іздестіреді. Міне дәл осы ілімнің негіздерін Сұлтанмахмұт та құптайды. Руссо моральды адамдар арасындағы теңдік, жеке адамның ерікті болуы қажеттілік-терінен тапса, Сұлтанмахмұт та әділдіктен іздейді, одан әрі Плехановша социализм – әділдік идеяларына жүгінеді. Негізінен алғанда, социализм – адамды адам қанамайтын әділ қоғамдық құрылыс екендігін Сұлтанмахмұт А. И. Герцен, Н. Г. Чернышевскийлер арқылы таныған. Бірақ Сұлтанмахмұт олар сияқты социализмге бейбіт жолмен өту идеясынан бас тартып, оны орындатуды халық бұқарасының революциялық күресі-мен байланыстырмады. Сол себепті де ол оның қателігі деп қарастырады ғалым өз еңбектерінде.

Б. Кенжебаев Сұлтанмахмұт мұны дәлелдеп, ашып айтып бере алмайды, оны социалистік революция арқылы, тап тартысы, көтеріліс, соғыс арқыла жасау мүмкіндігін айтпайды десе [6], ғалым Р. Бердібаев оны Сұлтанмахмұттың «қатесі, қайшылығы» деп айту қажет емес деп соны пікір айтып келеді де, ол оның санасының, білімінің жеткен жері деген ой айтады [7].

Бұл екі пікірді де теріс демей-ақ қояйық, бірақ ақын идеясымен, ақынның ой-танымымен сәйкеспейтін жанама пікірлер. Ал Темірғали Нұртазин «басқа елде жетпей жатқан ар азығы (әділет) қазақ елінде асып жатқандай оған соқпай өтеді... оның әлі байшыл-ұлтшылдардың ықпалынан шығып болмағанын сипаттайтын мақала» [8] деуі тіпті қисынсыз.

Бастысы, бұл мақала төңірегінде де көп ойлар айтылған. Бірақ көбісі сол дәуір талабына сай айтылған. Жалпылай айтып, өз пікірімізді біл-дірсек, С. Торайғыровтың табиғатты барлық нәрсенің бастамасы ретінде қарағаны анық. Оның көзқарасы бойынша, табиғат пен адам өзара байланысты, адам табиғатының өзі, соның туындысы, кейін соған қайта айналар бөлшек іспеттес. Бұл ұғым материалистік пе, басқа ма, өзгеден іздеуді қажет етпейміз, өз әдебиетіміздің өкілдерінен байланысын таба алатын түсініктердің жемісі. Философиядағы натуралистік

бағыт, яғни табиғат философиясы, табиғатты тұтас қарастырушы ілімнен бастау алатын түсініктер Абайдың, Шәкәрімнің шығармаларында да бар. Натур-философияда табиғат пен ондағы бар нәрселер қатар жаралды, қатар дамыды, дами береді деген сияқты ойлар орын алса, Кенжебаев Сұлтанмахмұттың танымындағы материализм, Маркске дейінгі материализм, яғни бұрынғы механикалық, метафизикалық материализм деуінде осындай сыр жатыр.

Біздің ойымызша, адамның өз дәуірінің әлеуметтік-саяси жағдайынан, жеке басының рухани-психологиялық ахуалынан туындайтын адамның жеке дара ақындық философиясы ретінде қарастырылуы тиіс жайт, түрлі компаративистикалық философияның түрлі бағыт бастаула-рынан өрбуі көп қиындық туғызатын, жалпы, әдебиетке аса қажет емес зерттеу сияқты.

С. Торайғыровтың «Социализм» мақаласы күрделі зерттеуді қажет ететін құнды материал. Өйткені, біріншіден, бітпей қалған дүние болса да, ақынның дүниетанымынан хабардар ететін, ой-тұжырымдарының деңгейінен сыр шертетін еңбек. Өзінің тума талантымен, қолы жеткен аз ғана білімінің арқасында социализм идеясы сияқты күрделі тақырыпқа барып, аяқталмай қалған зерттеуін ұсынған, ғылымилық пікірлері де, ағартушылық жол көрсетулері де бар, таза Сұлтанмахмұттың дарынын аша түсетін шығарма деп ойлаймыз. Екіншіден, Бейсембай Кенжебаев және өзге де кеңестік қазақ әдебиетінің зерттеушілері айтқанындай Сұлтанмахмұт социализмді қоғамдық құрылым ретінде қабылдаған жоқ, тек соның идеяларын сөз етті деп қоя салуға болмайды. Ол зерттеушілердің заманы, уақытының талабы басқа. Қазір заман өзгерді, ақынның шын айтпағы не, дүниетанымының негізі боларлық айтар ойы қайсы соны жіті зерделеуіміз керек. Өйткені, Сұлтанмахмұт алдыңғы қатарлы қоғамның кілті, дамыған мемлекеттің негізі – Әділдік деп біледі. Сұлтанмахмұт та әйгілі ата-бабаларымыз айтып өткен (әл-Фараби т.б.) Әділдік идеясына тоқталады. Адамзаттың өз басының ары таза болса – Әділдігі бар болады. Әділдік, ар, ғылым деп Шәкәрімнің «Үш анығымен» үндес пікір айтады. Жалпы, өз дүниетанымы бойынша Абай поэзиясын «пайғамбардың қанымен жа-зылған Құран сөзімен» бірдей бағалап, Абайдың ағартушылыққа құрылған өлең өрнегін, Сұлтанмахмұт та бүкіл шығармашылығына өзек етеді. Сұлтанмахмұттың ең уытты да, нәзік сырлы жүре-гінен үзіліп шыққан ең аяулы жырлары түгелдей оқу-білім құдіретіне ар-

налған. Сондықтан да Сұлтанмахмұтты Ыбырай Алтынсарин сияқты ағартушылық идеяның ең басты өкілі деп қабылдаймыз біз бүгінде.

Бүгінгі күн талабы көтеріп отырған ғаламдасу немесе ғаламдастырылу сияқты ұғымдар, өз заманында Сұлтанмахмұт шығармаларында көрініс тапқан өз жұрты мен Еуропа жұртшылығының тұрмыс-тіршілігіндегі өзгешеліктерден бастау алып, Еуропадағы ілімдердің: дене азығы мен ар азығы сынды бағыттарын үйлестіре алмай өзімізге сіңірсек, бақытсыздыққа душар болатынымызды түсіндіретін ұғымдармен байланыстылығын көреміз.

Ақынның түсінуінше, бүгінгі сөздермен айтсақ, тұрмыстағы модернизацияны ғаламдастырудың батыстандыратын құралы емес (себебі, модернизация – Батыс өркениетінің жобасы), ұлттық менталитетінде ар азығын ұстап тұратын, сол ар азығының өзі – әділдік арқылы дене азығын игеру, үйрену қажеттілігін керек ету.

Сондай-ақ, әділдік – социализм деуі, капитализмнің өз кезеңінде орын алған, жалпы әлі де бар сан түрлі әділетсіздіктеріне қарсы тұрар балама-альтернатива ретінде социализмді ұсынуы деп қабылдауымыз керек. Б. Кенжебаевтың түсіндіруіндегі ой идеясынан біз осыны аңғарамыз. Әйтпесе, ақынның:

...Марксiңнен, өмiрдi ұғынудан кеткен әрi,

Байқасаң қазақтықтың өзiнде бар,

Дүниенің генийлігі, пайғамбары... – деген жыр жолдары, халықтың ұлттық-мәдени ерекше-ліктеріне қауіп төндіретін, өз танымының жетіс-тігі жеткен руханият биігін аласартатын мәде-ниеттің «індет» болып жабысатынынан сақтануды қалайтындығының белгісі. Сондықтан да, шын мәнінде, ғаламдық феномен ретінде қарастырылуы бек мүмкін ұлттық дәстүрлер мен ерекше-ліктерді сақтап қалудың бірден-бір жолы әділдік екендігін сол кезеңде-ақ аңғарғандығы. Бұл Сұлтанмахмұт идеясының өзегі. Бұл жерде заманауи білімнің талабы социализм – әділдік деп түсінік қалыптастырған ой тұрғысынан емес, ақын шығармашылығындағы басты идеяны материалистік-идеалистік, маркстік, руссолық деп айшықтамай, қазақы менталитеттен, Абай дәстүрі мен жалғастығынан деп ұғуымыз да керек. Біз бұл жерде ғалым М. Мырзахметовтың Абай дүниетанымына қатысты айтқан мына пікірін келтіруді жөн көрдік: «...Оның дүниетанымының қалыптасуында айтарлықтай зор мәні бар қазақ халқының рухани қазынасы... Өз халқының рухани топырағынсыз дара шыққан данышпанды тарих білмейді» [9].

Өйткені, біздің байқауымызша, С.Торайғыров шығармашылығында еуропашылдықтан гөрі қазақтық басым сияқты. Яғни, ең алдымен, оның қазақы менталитеті мен қазақы қоғамына назар аудармауға болмайды.

Сұлтанмахмұт өз қоғамының дамуында болып жатқан құбылыстардан сырт қалған жоқ, оларға терең мән беріп қарады, оны өз шығармаларының елегінен өткізді, қоғамда орын алып отырған құбылыстарды ғылым жолымен қарауға талпынып, ағартушылық, демократтық бағытқа ойысты. Өз заманының көзі ашық, көңілі ояу азаматы ретінде қазақ қоғамында орын алып отырған кемшіліктерді болдырмаудың жолдарын іздеді. Оны өзінше әділдік деп тапты. «Әділдік» категориясы тек «оқыған басшы» ұғымымен орындалмайтын нәрсе екенін ұғып, тереңірек үңілді. Бұл жерде айта кететін нәрсе – рухани тамырластық, яғни әл-Фарабидағы «қайырымды қала тұрғындарының ізгі басшысы» сынды, Күлтегін жазбаларындағы ой желісі, Ж.Баласағұнидағы әділдік сарыны, Абайда кездесетін «толық адам» пәлсапасы сияқты таза шығыстық категориялардың да кездесетінін айтуымыз керек. Өйткені Сұлтанмахмұттың пәлсапасы – адамға әділдікті сіңіру, әділ болу, әділдіктің арқасында еркін болу, яғни ар азығының жан азығына әділ түрде бірлесуі. Оның философиясы – әлеуметтік, яғни, адам мен адамның теңсіздігіне, қазақ қоғамындағы әйелді кемсітушілікке, би-болыстар, басшылар мен халықтың арақатынасына әділдік орнату. Сол әділдікке революциямен жетуге болады демесе де, өнер, ғылым, мәдениетті дамыту арқылы жетуге болатынын дөп басып таныды. Сондықтан да Б.Кенжебаев қазақтың осы кездегі үлкен ағартушы демократы Сұлтанмахмұт екендігін де айтады.

Егер, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Әділдікті» жырлауын терең мән-мағынасында қозғасақ, ол былайша болар еді: оның «әділдігі» бойынша, адамның жеке дара тәннен құралған бітімі ғана емес, ақыл-ойы, жаны да еркін болуы керек. Тән еріксіздіктен, жігерсіздіктен, екінші бір тәннен келетін еріксіздіктен тыс болуы, сондай-ақ өзге де факторлар – ауру-сырқау, қайғы, мұң-шерлерден де ада болуы ләзім. Ал жан өз қалауына, яғни рух қалауы руханияттан мол сусындауына, әрі оның шексіз болуына еркін талпына алуы қажет, тән қалауын жеңілдеткен нәрсе жан қалауына кедергі жасамауы, ал жан қалауының мұраты тәнге де мұрат бола аларлықтай күйге ұлассын деген тілектерді ақын өз шығармасының идеясына айналдырғысы келген.

Зерттеуші осы қатынастарды заман мен саясат идеологиясының қажеттілігіне сай үндестірген де қойған. Бұл өте күрделі проблема өз жалғастығын Ләйла Ақбаеваның ақынның адамгершілік философияларына қатысты зерттеулерінде өз көрінісін тапқан. Бұл әлі кеңінен зерделене түсетін құбылыс екені даусыз.

Ақынның «Социализм» атты туындысының жазылу тарихын, оның социализм туралы түсініктерін саралаған. Ақынның осы туындысы оның бүкіл шығармашылық ғұмырына өз әсерін тигізіп, алғаш ғылым объектісіне айнала бастаған ХХ ғасырдың жиырмамыншы жылдарынан бастап, сексенінші жылдарына дейін қызу тартыс пен тайталастардың бел ортасына болды. Тартысқан жақтың бір жағы – Н. Жанділдин бастағандар ақын социализмді түсінбеді, ұлтшылдықтан әрі аса алмады деп таласса, Б. Кенжебаев жап-жас қыршынның адаса жүріп болса да ой жеткізген биігі – социализм еді деп таласуы болды.

Бұл туралы ғалым Қ. Ергөбеков кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыс деп, өз ойталқысын ұсынады. Бұл жерде ең бірінші айта кеткіміз келетіні шәкірттің ұстазға деген адалдығы, інінің ағаға сенген, оның ұлы мұратын алға жылжытуға, бас-таған ісін дамытуға, жалғастыруға деген құлшынысын, зор ілтипатты көреміз. Филология ғылымдарының докторы, профессор Құлбек Ергөбеков Сұлтанмахмұттану ісіне араласып, салмақты пікірлерін білдіріп жүрген ғалым, Бейсембай Кенжебаев шәкірттерінің бірі. Ғалым Қ. Ергөбеков С. Торайғыровтың дүниетанымына қатысты пікірлерін жариялаған. Ақынның «Социализм» атты туындысының жазылу тарихын, оның социализм туралы түсініктерін саралаған. Оған дәлел шәкірт Қ. Ергөбековтің ұстаз Б. Кенжебаев туралы осы Сұлтанмахмұттың дүниетанымы жайлы жазылған мақаласындағы ойлары. Қ. Ергөбеков: «Бар саналы ғұмырын Сұлтанмахмұт Торайғырұлын танытуға жұмсаған Б.Кенжебаевтың ақынды «социалист» етіп, жан-ұшырып айқасып, бет жыртысып жүруінің өзіндік себебі бар. Сұлтанмахмұтты «ұлтшылдыққа» бердің-ақ ақиық ақын мұрасы жабылып қалады ол кезде. Әйтпесе, Сұлтанмахмұттың ұлтшыл ақын екенін Бейсекең әуел бастан-ақ білді. «Сұлтанмахмұттың ақындығы» аталатын кандидаттық диссертациясында «қазақ әдебиетін таптық көзқарас тұрғысынан қарап, бөлелік зерттеудің тиімсіздігін» айтамын деп бәлеге қалған, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті қаулысына ілігетін кісің – Кенжебаев... Алайда, ол

кезде ақынды «ұлтшылдыққа» беру – одан айырылып қалумен тең. Міне, мәселе қайда!» [*10] деп, ұстаз ойының түп-төркінін ашып берді. Сонымен бірге, Сұлтанмахмұттың социализмі не екенін таразылайды. Ақын ойындағы социализм идеясы неден туындаған, нені меңзеген, неге жетелеген деген сұрақтарға өз зерттеуінде жауап іздеген.

Жауап, әрине, ақынның өз дәуірінің үнімен қосақтала келетіндігінде. Сұлтанмахмұттың дүниетанымы, көзқарасы, соған орай шығармашылығының негізімен бірлікте сарапталуы тиіс өмір кешкен заманы. Профессор Қ. Ергөбеков те осы негіздерді бірлікте қарастырады.

Жалпы, қашанда екі ғасырдың тоғысында туған, екі түрлі формацияның тайталасын көріп өскен ұрпақтың тез жетіліп, көп ізденіп, білуге, ұғынуға деген құштарлық сезімдерінің артатындығын медицина, психология, социология ғылымдары да жоққа шығармайды. Осындай ауытқулары көп заманның жемісі ретінде пассионарлығы басым ұлт зиялылары да көп шығатыны белгілі. Дәл осындай жағдайды ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамы да өз басынан өткізді. Бұл, өз кезегінде, қазақ әдебиетінің де қарыштап дамуына, ұлттың сұранысына, заманның талап-тілегіне толық жауап бере алатындай туындылардың көптеп тууына алып келді. Қазақ әдебиетінде ХХ ғасыр басында әдебиеттің аса бай, сан алуан көркем туындыларға толы кезең болғаны қазір баршаға ақиқат. Сол сан алуан мол мұрамыз бүгінде қолымызға еркін тиіп, өзінің нағыз ғылыми бағасын алып жатқан кез екендігі жанымызды қуантып, құлашымызды кеңге жайдырады. Кезінде кеңестік қатігез идеология осы шығармаларды авторларымен қоса жаншып, жасырмағанында, әдебиеттегі дәстүр жалғастығы, табиғи жалғасулар мен танымдық қабысулар бұдан да үлкен жетістіктерге жеткізер еді деп ойлаймыз. Соған қарамастан, біз қазір, ХХ ғасыр – Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры (академик Р. Нұрғалиев) деп толық айта аламыз. Алтын ғасырдың бастауында тұрып, өз жұртының қамын жеген ұлт зиялысы Сұлтанмахмұт та ұлт қамы, ел жетістігі үшін социализмнің қажеттілігін айтты. Ақынның бұл идеяға келуіне орыс тіліне жетік болып, орысша көп оқығандығы себеп.

Себептердің тағы бірі орыс елінде, соған бодан болып отырған өз елінде болып жатқан тартыстардың нәтижесіндегі түрлі төңкерістер. Бұлардың Ақпандағысынан да, Қарашадағысынан да Сұлтанмахмұттың күткені өз еліне деген жақсылық.

Жақсылыққа елім саяси мүдделерінің еркіндігімен ғана емес, рухани дамуының арқасында жетуі деп ұғуында. Осыған жетудің алғышарты социализм игілігін толық пайдалану, өзгелердің жеткен жетістіктерін тез меңгеріп, батыл игеріп, қарыштай дамып, дамып бара жатқан елдердің қатарына тез жетуді, елінің адымдап басып өзгелермен терезесі тең болғанын көру болатын. Осыны ақынның нағыз дүниетанымын айқындайтын, ойының ұшқарылығын даралайтын дарабоз шығармасы – «Социализмінің» тууы дәлелдеп берді.

Сондықтан да Сұлтанмахмұттанудың ұзақ жылдар бойғы тартыстарына себепші болған мақала төңірегіндегі дау-дамай, пікір, көзқарастар тоғысы мен айырымы әрқилы болды. Бұл процесс жиырма-отызыншы жылдардан басталып, тәуелсіздік жылдарына дейін ұзақ жалғасты. Бұл шығарма туралы ой толғаныстар бүгінгі күні де актуалды болып отыр. Оған себеп, бүгінгі таңда ақын ардақтаған социализм мұраттары мансұқталуда, бір кездері ақынның социализмді құптағанын жеткізе алмай әлек болсақ, енді одан алыстата алмай әуре болу қажеттілігі туғалы тұрғандай. Өйткені «Социализм» туралы қазіргі кезде көп айтылуда, жазылуда, жариялануда. Бүгінгі күннің өзінде де бұл шығарма туралы пікір екі түрлі. Сұлтанмахмұттану орныққан, дербес сала боп дами бастаған тұста мақала қажетті, яғни дәуір үнімен үндес, дәуірдің мақсатын дөп басып, идеясымен астарлас, тұспа-тұс деген таным басымырақ болса, қазіргі кезде ақын идеясының түпкі мақсаты, бітпей қалған мақаланың сыртында қалған ойлары мен ары қарай өмір сүріп, сау тұрғанында жазылуы мүмкін ойлары сөз болуда.

С. Торайғыровтың социалистік даму жолын таңдаған кеңестік өкіметке кәміл сеніп, сөзсіз жақтағаны анық, бірақ социалистік идеяның нақ өзіне келгенде сенімнен гөрі сенімсіздігі басымдау болды. Мұнысы өзінің «Социализм» атты еңбегінде анық байқалады. Бұл мақала іспеттес еңбек сол кезде аса қызығушылық тудырған социализм идеясының толық мән-мағынасын ашуды көздеген жұмыс, бірақ өз дегеніне көптеген себептердің негізінде жетуге мұршасы келмеген. Сондықтан да үзік-жұлық болып, толық таным айқындалмай қалған шығарма. Бұл жайт өмір қысқалығы, білім таяздығы, ақпараттың мардымсыздығы, тағы басқа сондай-сондай жетім-сіздіктердің әсері деп қабылдауды қажет етеді. Соған қарамастан, бұл шығарманың бар маңызы мынада деп ойлаймыз, ұлт

мүддесін, адамзат мұратын ойлаған аяулы ақын социализмнің түп-төркінін анықтау барысында өзі түйген ой-танымымен, қоғамдық өмірдің дұрыс бағытты таңдап, гүлденуіне ықпал ететін, жарлы-жақыбай атан-ған, кедей-кепшіктің күнін жеңілдететін, жалпы адамзаттың өмір сүруін, дамып-өркендеуін дұрыс жолға қоятын жолды іздегенінде. Біз жоғарыда ақынның социализм идеясына көзсіз құлап, құлдық ұрмай, азды-кем сенімсіздік те білдіргенін атап өттік. Оған себеп, Сұлтанмахмұттың өз көзімен көргендері, көңіліне берік түйгендері: осы идеяны желеу етіп, сол идеяның жолында жазығы жоқ адамдардың көптеп қырылуы. Бұл С. Торайғыровтың осы мақаланы жазуға итермелеген, социализм идеясының түпкі мәнін ашуға жетелеген себептердің бірі деп ойлаймыз.

Сұлтанмахмұт өз бетімен көп оқып, сол оқу-білімнің арқасында ғана жақсылықтарға, игілік-терге, тұрмыстық жеңілдіктерге, қарапайым шаруаның өмір сүруін жеңілдетуге болатынына көз жеткізді. «Социализмде» жазғанындай Еуропа мен Жапония халықтарының қол жеткізген ғылыми-техникалық жетістіктерін алға тарта жазды. Дамуында артта қалған елдер әлі паровоз, телеграф, телефон, аэропланды жасап шығармақ түгілі, не екенін де білмейтінін қынжыла айтты. Бұған қажет оқу-білімі, ғылымы жоқ елдер мұндайға қалай қол жеткізсін. Соған күйінді. Бұл ескіліктің, надандықтың ғана белгісі емес, білімсіздіктің, ғылымсыздықтың ең ақыр аяғы құлықсыздықтың салдары екенін шын түсінді. Өз жұртына, еліне, «қараңғылықтың» шырма-уындағы қайран халқына жолдаған жолдауы іспеттес бұл шығарма бүкіл қазақты оқу-білім үйренуге, ешкімге құл болмауға үгіттеген, соған жан-тәнімен шақырған шығарма. Оған Сұлтанмахмұттың өзі айтқанындай басқа дамыған елдер артта қалған елдерге өз билігін жүргізу үшін мұндай ғылыми-техникалық жетістіктердің өздерінен басқа елде болмағанын қалайтындығымен түсіндіреді. Бар мүмкіншілік оқуда, барлық үміт білімде деп, ел-жұртты білім алып, ғылым ашып, дамыған елдер мындаған жылдар бойы жеткен жетістіктерге аздаған уақытта жетуге болатынын жар сала, өзегін жара айтады. Сол елдер жіберген қателіктерді айналып өтіп, жақсысын алып, жаманын ысырып, қарыштап дамып, басып оз деп жазды. Бұл сол дәуірде де, қазіргі егемен ел болған Тәуелсіз Қазақстан жағдайында да сондай құнды жетелеу. Мұндай тілек, осындай толғам Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Ғасырлар тоғысын-

да» кітабында да айқын көрініс тапқан. Елбасымыз туған, тәуелсіз еліміздің өз дамуында «өз соқпағымызды тауып, сонымен жүруге талпыну» [11] қажеттілігін айтқандығы, яғни өзге елдердің тек жақсысын алып, жаман жолын, кереғарлықтарға ұрынған, кертартпа жолын ысырып, «Қазақстандық жолды» таңдауымызды айтуы, кезінде алаш ардақтыларының, Сұлтанмахмұттың көкірегін кернеген аяулы армандарының бүгінгі күні өз жеңісіне қол жеткізгенін паш етіп тұрғандай.

С. Торайғыровтың бұл шығармасындағы басты ой бүгінгі күні де өз маңызын жоймаған мәселелердің бірі болып отыр. Тәуелсіз Қазақстан Республикасы өз мемлекеттілігінің дамуының жаңа сатысына шыққанында, өркениет пен ынтымақтаудың ортақ қағидаларын өз дамуының басқы мақсаттарының бірі ретінде танығаны жағдайында бұл шығарма жаңа қырынан танылып, елді, халықты оқу-білімге, үйренуге бағыттаған шығарма ретінде бағаланады. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаев ұсынған «Еуропаға жол» атты мемлекеттік бағдарламаның ұстанған бағыт-бағдарлары бұған дәлел.

Сонымен, өз зерттеуімізді жүргізгенде, біздің танығанымыз, дарынды ғалым Бейсембай Кенжебаев классик ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың дүниетанымы мен ақындық әлеміндегі Қазан төңкерісі қарсаңындағы қазақ ауылының шындығын терең көрсеткендігін, әлеуметтік теңсіздіктер жайын сынағандығын, халқын жарқын болашаққа жеткізу жолындағы ағартушылыққа үндеген еңбектерін ғылыми тұрғыда таныған. Ғалым ұлы ақынның бұрын жарияланбаған өлең-дерін іздестіріп, жинағандығы Сұлтанмахмұттың тұтас поэзиялық әлемінің толық тұлғалануын қалағандығының белгісі, ғалымдық табиғатының ақиқатқа жетуді аңсаған құштарлығы. Сол жолда өзі ұлтшыл атанып, жұмыстан да шығарылып, қараланғанына қарамастан ақын шығармашылығы мен талантына адал болып қала берді. Өз пікірінің әділдігіне шүбә келтірмеген ғалым, қанша қиындық көрсе де, өз тұжырымдарынан айнымаған, жүйелі ізденістерін дамыта берген.

Бейсембай Кенжебаев Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өмірге, еліне деген қуатты сүйіспеншілігін, болашаққа деген сенімі бар ақын романтикалық асқақ қиял мен терең философиялық ойдың иесі екендігін дөп басып таныған. Ақын шығармаларындағы лирикалық қаһарман өршіл арманның, биік

мақсаттың иесі, ары да, жаны да патриот, гуманист, оптимист, тәкаппар асқақ жан Сұлтанмахмұттың өз бейнесімен астасып жататындығын зерттеулерінде көп айтқан Бейсембай Кенжебаев ақынның өршіл рухына тағзым еткендігі көрінеді.

ӘДЕБИЕТ

1. *Кенжебаев Б.* XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. Алматы: Білім, 1993.
2. *Кенжебаев Б.* Сұлтанмахмұт Торайғыровтың дүние тануы туралы // Лениншіл жас. 1955. № 114.
3. Сонда.
4. Сонда.
5. Сонда.
6. Сонда.
7. *Бердібаев Р.* Сұлтанмахмұт туралы бір-екі сөз // Лениншіл жас. 18.12.1955. № 112.
8. *Нұртазин Темірғали. С.* Торайғыров творчествосының әлеуметтік мәні // Халық мұғалімі. 1955. №5.
9. *Мырзахметов М.* Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары. Алматы: Ғылым, 1982.
10. Дәуір ақыны: Ұлы ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровка арналады. «Ұлы тұлғалар» ғылыми-ғұмырнамалық сериясы. *Ергөбек Қ.* Сұлтанмахмұт социализмді қалай түсінді. 130-б.
11. *Назарбаев Н.Н.* Ғасырлар тоғысында.

Резюме

Рассматривается исследовательская деятельность крупного ученого-султанмахмутаоведа Бейсембая Кенжебаева. Автор данной статьи стремится раскрыть общественно-философские мысли казахских поэтов XX века, в особенности Султанмахмута Торайғырова, уделяя основное внимание на исследования ученого Бейсембая Кенжебаева. Среди выдающихся представителей казахской демократической интеллигенции начала XX века особое место занимает С. Торайғыров – талантливый поэт, внесший неоценимый вклад в дело развития казахской литературы. Рассматривая творческое наследие поэта, Б.Кенжебаев четко выявил его мировоззренческую позицию наполненную философским содержанием и достаточно сложную и весьма своеобразную.

Summary

This article considers research activity of a prominent philology scientist – Beisembai Kenzhebaev, who studied

Sultanmahmud Toraigirov's creation – the Kazakh poet of the XXth century. The author of this article tries to show social and philosophic thoughts of Kazakh poets of the XXth century, especially Sultanmahmud Toraigirov's thoughts, focusing his/her principle attention on research of scientist Beisembai Kenzhebaev. Amidst outstanding representatives of Kazakh democratic intelligentsia at the beginning of the XXth century, S. Toraigirov takes a special place – a talented poet, who made his priceless contribution for the development of Kazakh literature. Considering the poet's creative heritage, B. Kenzhebaev has shown poet's world-outlook position precisely, which was full of philosophic content, sophisticated and original enough.

6.04.09ж. түскен